**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы арасындағы "Су ресурстарын бірігіп басқару және Қазақстан Республикасы үшін суды үнемдеу жөніндегі ұлттық жоспар" жобасы бойынша келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 11 қазандағы N 978 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы арасындағы "Су ресурстарын бірігіп басқару және Қазақстан Республикасы үшін суды үнемдеу жөніндегі ұлттық жоспар" жобасы бойынша келісім (бұдан әрі - Келісім) мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің төрағасы Анатолий Дмитриевич Рябцевке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі**
**Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы**

(Мемлекеттік тулардың суретін қағаз мәтіннен қараңыз)

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің**
**Су ресурстары комитетімен,**
**Жаһандық су әріптестігімен,**
**Норвегия Үкіметімен**
**ынтымақтастықта**

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ АРАСЫНДАҒЫ "СУ РЕСУРСТАРЫН БІРІГІП БАСҚАРУ

**ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН СУДЫ ҮНЕМДЕУ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ЖОСПАР" ЖОБАСЫ БОЙЫНША КЕЛІСІМ**

Жоба: 00034289
Ұсыныс: 00033156

| | |
|---|---|
| Қазақстанға даму мақсаттарына қол жеткізуге қолдау көрсету жөніндегі БҰҰ-ның Негіздемелік бағдарламасының нәтижелері (UNDAF): | UNDAF 1 нәтиже: Мемлекеттік және өңірлік деңгейлерде кедейшілік деңгейін төмендету |
| БҰҰДБ-нің Елдік бағдарламасына (ЕБ) сәйкес күтілетін ұлттық нәтижелер: | ЕБ 2 нәтиже: Тұрақты дамуға арналған кешенді тәсіл мемлекеттік дамуды жоспарлауға енгізіледі және кедейшілікпен байланысты |
| БҰҰДБ қызметінің күтілетін нәтижесі | Үкімет, донорлар, азаматтық қоғам және су ресурстарын басқару саласындағы жекеменшік секторы арасындағы кеңейтілген ынтымақтастық: су ресурстарын басқару қағидаттары ұлттық тұрақты даму саясатына енгізілді |
| Негізгі орындаушы: | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті |
| Жауапты тарап: | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті |
| Басқа да негізгі әріптестер: | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Ұлыбританияның Халықаралық даму министрлігі (DFID) |

**Бағдарлама кезеңі:** 2005-2009
**Бағдарламаның құрамдас бөліктері:** Қаржыландырудың көпжылдық құрылымы (MYFF), 3.2 қызмет: Су ресурстарын тиімді басқару
**Жобаның атауы:** Су ресурстарын бірігіп басқару және Қазақстан үшін суды үнемдеу жөніндегі ұлттық жоспар
**Жобаның нөмірі:** 00034289
**Жобаның ұзақтығы:** 2004, маусым - 2007, маусым
**Басқаруды ұйымдастыру:** NEX - ұлттық деңгейде атқару

| **Бюджет (АҚШ доллары)** | |
|---|---|
| Тікелей шығындар | 1.329.560 |
| Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасынан Әкімшілік | 46.650 |

| | |
|---|---|
| **Жалпы бюджет:** | **1.726.210** |
| **Қолма-қол ақша:** | |
| Норвегия Үкіметі | 1.085.000 |
| Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы | 100.000 |
| Ұлыбританияның Халықаралық даму министрлігі | 86.210 |
| Стокгольм Халықаралық су институты | 105.000 |
| **Барлық қолма-қол қаражат:** | **1.376.210** |
| **Заттай салым:** | |
| Қазақстан Республикасының Үкіметі | 30.000 |
| Жаһандық су әріптестігі | 320.000 |
| **Жиыны:** | **350.000** |

## 1-бөлім. Негізгі ережелер 1-бап. Жағдайды талдау

1. Су ресурстарын біріккен басқару (СРИБ) тұжырымдамасы өткен ғасырдың 90-шы жылдары және осы мыңжылдықтың алғашқы жылдары негізгі халықаралық конференцияларда талқыланды. 2002 жылғы Орнықты даму жөніндегі дүниежүзілік саммиттің (ОДДС) директивасы оның қорытындысы болып табылды, онда барлық елдердің дамушы елдерге қолдау көрсете отырып, 2005 жылға қарай СРББ және суды үнемдеу жоспарларын әзірлеуге міндетті екендігі айтылды. Жаһандық су әріптестігі ( ЖСӘ) көптеген елдердің мұндай жоспарларды дайындау үдерісі туралы жеткіліксіз хабардар болмауына байланысты, осы директиваға қол жеткізудің қиын болуы мүмкін екендігін мойындады. Сондықтан ЖСӘ СРББ және суды үнемдеу жоспарларын дайындауға қолдау көрсетеді және бірнеше басшылық және көмекші құжаттар жариялады.

СРББ және суды үнемдеу жоспарының мазмұны институционалдық, қаржылық және технологиялық өзгерістерді қамтитын кең ауқымды болуға тиіс. СРББ және суды үнемдеу жоспары СРББ қағидаттарын енгізуге тиіс және 2007 жылдың 4-тоқсанына дейінгі белгіленген мерзімде әзірленуге тиіс. Қазақстан Дүниежүзілік Саммиттің директивасы аясында ОДДС директивасына қол қойды.

2. 2003 жылы Қазақстанның жаңа Су кодексі қабылданды, бұл бұрынғы су заңнамасымен салыстырғанда, СРББ-ға қол жеткізу жолындағы маңызды қадам болып табылды. Қазақстанда іске асырылып жатқан СРББ қағидаттарының бірі өзен бассейні деңгейіндегі су ресурстарын басқару қағидаты болып табылады. Осы қағидаттарды негізге ала отырып, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті (СРК) СРББ және суды үнемдеу жөніндегі бірінші ұлттық жоспарды дайындауға дайын. Су бассейні су ресурстарын басқарудың басты бірлігі болып табылатындығы фактісі назарға алына отырып, кейіннен Қазақстанның сегіз су бассейніне арналған СРББ және суды үнемдеудің бассейндік жоспары (СРБББЖ) жоспарлары дайындалатын болады.

3. СРББ тұжырымдамасы Қазақстан үшін жаңа тұжырымдама болып табылады

және СРК СРИБСЖ дайындауда техникалық қолдауды қажетсінеді. СРББ сияқты тәсіл - дәстүрлі тәсілдермен салыстырғанда неғұрлым тиімді әрі ұтымды тәсіл - елдің су шаруашылығы дамуының: су денсаулық үшін, тағам үшін, энергия үшін, қоршаған орта үшін негізгі проблемаларын шешуге бағытталған.

4. СРИБ-нің екінші басты қағидаты - басқару үдерісіне мүдделі тараптардың белсенді тартылуы. Қазақстанда мүдделі тараптардың қатысуының негізгі аспектісі - бұл Су кодексінде бекітілген ережелерді енгізу арқылы Бассейндік кеңестер (БК) құру. Шешімдер қабылдау процесіне мемлекеттік емес және қоғамдық ұйымдарды тарту Қазақстан үшін жаңа тәжірибе болып табылады. СРК, Бассейндік су шаруашылығы басқармасы (БСБ) арқылы, БК құруға жауапты болады.

БК құру СРБББЖ ережелерін енгізудің құрамдас бөлігі болып табылады. Жоба БК құруда СРК мен БСБ-ға техникалық қолдау көрсетеді.

5. Мыңжылдықтың даму мақсаттары (МДМ) әлемдегі жол берілмейтін кедейшілік деңгейін төмендету үшін қабылданған болатын. Сумен жабдықтау мәселесі Сумен жабдықтау жөніндегі мақсаттарға қол жеткізуді қалған барлық мақсаттарды орындау үшін аса маңызды ете отырып, 7 МДМ-да және олардың 11 міндеттерінің барлығында ескеріледі. ОДДС-тің одан арғы нәтижесі болып сумен жабдықтау жөніндегі МДМ-ға санитария мәселесін енгізу болды (10 міндет), өйткені сумен жабдықтау мен санитария тығыз байланыста болуға тиіс деп шешілді. Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Қазақстандағы МДМ бойынша есебі (2002) сумен жабдықтау және санитария жөніндегі 10 міндетке қол жеткізуді ең соңғы мерзімге, 2015 жылға "ықтимал" ретінде бағалайды. Демек, тиімді қолдау кезінде Қазақстан қалған МДМ-ларға қол жеткізуге ықпал ететін сумен жабдықтау және санитария мақсатын орындауға қабілетті. 2002-2010 [1] жылдардағы кезеңге арналған "Ауыз су" бағдарламасы басты жеті басымдықты айқындады, оларды негізге ала отырып, СРК осы жобаның көмегімен Қазақстанға арналған сумен жабдықтау және санитария жөніндегі МДМ-ға қол жеткізудің стратегиясын әзірлеуді аяқтайды. Қалған осыған ұқсас үкіметтік бастамалар - " Қазақстан-2030" стратегиясы, Қазақстан Республикасы экономикасының су секторын дамытудың және су шаруашылығы саясатының 2010 жылға дейінгі тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының индустриалық-инновациялық даму стратегиясы және 2003 жылғы Су кодексі.

6. ҚР СРБББЖ өңірлік тұрғыдан алғанда, Орталық Азияда бірінші болып табылады. Бұл сондай-ақ өңірдегі сумен жабдықтау және санитария жөніндегі МДМ-ға қол жеткізудің бірінші бағдарламасы болуы да мүмкін. СРБББЖ-ны әзірлеу мен бекітудің қазақстандық тәжірибесін, сондай-ақ сумен жабдықтау және санитария жөніндегі МДМ-ға қол жеткізу бағдарламасын кейіннен Орталық Азияның басқа да елдері ескеруі мүмкін.

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

[1] ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы шешімі.

## 2-бап. Стратегия

1. Йоханнесбург декларациясына қол қоя отырып, Қазақстан Үкіметі СРББ қағидаттарын құру жөнінде міндеттеме алды. Ол сондай-ақ мыңжылдық декларациясына қол қоя отырып, мыңжылдықтың даму мақсаттарына қол жеткізу жөнінде міндеттеме алды. Осы екі міндеттеме "Қоршаған ортаның орнықтылығына кепілдік беру" 7-мақсаты, атап айтқанда, "2015 жылға таза ауыз суға (енді санитарияны да қоса алғанда) тұрақты қол жеткізе алмайтын адамдардың үлесін екі есе азайту" 10-міндеті арқылы байланысады және "ұлттық стратегиялар мен бағдарламаларға орнықты даму қағидаттарын енгізу және табиғи ресурстарды жоғалту үдерісін кері бұру" 9-міндетіне өз үлесін қосады.

2. 2002 жылғы қаңтарда Қазақстан Үкіметі Қазақстанның 2030 [2] жылға дейінгі Даму стратегиясының орындалуын қолдау мақсатында Қазақстан Республикасы экономикасының су секторын дамытудың және су шаруашылығы саясатының 2010 жылға дейінгі тұжырымдамасын (бұдан әрі - Тұжырымдама) бекіту шешімін қабылдады. Тұжырымдаманың басты мақсаты су ресурстарын сақтау және тиімді пайдалану жөніндегі негізгі шараларды айқындаудан тұрады. Тұжырымдама Қазақстандағы заңдық базаны жақсарту үшін, сондай-ақ су бағдарламалары мен іс-қимылдарды, кешенді су пайдаланудың схемаларын, инвестициялық жобаларды және басқа да құжаттарды дамыту үшін пайдаланылады. Өз нәтижелерімен Жоба басқа үкіметтік бағдарламаны, су ресурстары жөніндегі құрамдас бөліктерді қамтитын Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық стратегиясын, Елдің минералдық-шикізат кешенінің ресурстық базасын дамытудың 2003 - 2010 жылдарға арналған бағдарламасын жүзеге асыруға ықпал ететін болады.

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

[2] "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму Стратегиясын енгізудің кейінгі шаралары туралы" ҚР Президентінің Жарлығы, 2000 жылғы 17 ақпанда мақұлданған.

3. Ұсынылып отырған жоба СРК-нің күш-жігерін қолдайды және төменде келтірілген нәтижелерге қол жеткізуге бағытталатын болады. Жобаның нәтижелері мен ресурстары құрылымының егжей-тегжейлі сипаттамасы 1-қосымшада, бюджеттің сипаттамасы 2-қосымшада және жобаның жыл сайынғы жұмыс жоспары 3-қосымшада берілген.

3.1. 1-нәтиже - СРББ және суды үнемдеу жөніндегі ұлттық және бассейндік жоспарлар/стратегиялар әзірленді.

Осы кезең Қазақстанда СРББ практикасын алдымен мемлекеттік деңгейде, содан

кейін өзен бассейндері деңгейінде алғаш енгізу болып табылады. СРББ және суды үнемдеу жөніндегі ұлттық және бассейндік жоспарлар/стратегиялар СРББ қандай үлгіде бүкіл ел бойынша су ресурстарын басқаруда бірден-бір тәсіл болатынын айқындайды және егжей-тегжейлі көрсетеді. СРББ және суды үнемдеудің ұлттық және бассейндік жоспарларын/стратегияларын әзірлеу фактісінің өзі СРК, БСБ, ГЖПК және оның аумақтық бөлімшелері және су қорын пайдалану мен қорғау саласында әрекет ететін басқа да ұйымдар техникалық персоналының біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Ұлттық жоспарды дайындауға негізгі жауапкершілікті СРК мойнына алады. СРК жоспарды дайындап, оны Қазақстан Үкіметіне бекітуге ұсынады. Одан әрі жоспарды жүзеге асыру үшін жауапкершілік СРК арқылы Қазақстан Үкіметіне жүктеледі. Су ресурстарын басқару өмірдің барлық аспектілеріне қатысты болғандықтан, басқа министрліктер де бұған шындап қатысады. Атап айтқанда бұл министрліктерге мыналар жатады:

Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
Төтенше жағдайлар министрлігі
Қаржы министрлігі
Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
Денсаулық сақтау министрлігі
Сыртқы істер министрлігі.

СРББӘЖ Қазақстанда СРББ-ны жүзеге асыру үшін ұлттық деңгейде қажетті іс-әрекеттерді сипаттайды. Кейіннен Жоба шеңберінде барлық сегіз өзен бассейніне арналған СРББ және суды үнемдеудің бассейндік жоспары (СРББӘЖ) дайындалатын болады, бұлар БСБ құжаттары болып табылады және бассейндердік басқару деңгейінде СРББ құру жөніндегі жұмыстың егжей-тегжейлі сипаттамасын қамтитын болады.

Жобаның бастапқы кезеңінде СРББ жөніндегі жұмыс құжаттары дайындалды. Жұмыс құжаттары СРББҰЖ-ны әзірлеу мен жүзеге асырудың артықшылықтары мен кедергілерін көрсетті, сондай-ақ жұмыстарды орындау кестесін ұсынады. СРББҰЖ мен СРББӘЖ әзірлеу жөніндегі жұмыстардың негізгі кезеңдері мен кестесі төменде ұсынылған.

### 3.1.1. СРББҰЖ дайындаудың негізгі кезеңдері:

1) су ресурстарын басқарудағы қазіргі жағдайды, суды пайдаланудың тиімділігін, шешімдер қабылдау әдістерін және олардың іске асырылу деңгейін сипаттау;

2) су ресурстары секторындағы елдің ұзақ мерзімді мақсаттары: ресурстардың сапасын, оларды пайдаланудың тиімділігін, шешімдер қабылдау үдерісін және т.б. сипаттау;

3) негізгі кезеңдерді, уақытша шеңберлерді, өзгеру көрсеткіштерін және т.б. - басқаша айтқанда, "көшу стратегиясын көрсете отырып, қазіргі жағдайдан болашаққа

өту тетігін сипаттайтын іс-шаралар жоспары.

3.1.2. СРББҰЖ дайындау кестесі:

1) 2005 жылғы маусым-тамыз - СРББҰЖ ұсыну және талқылау үшін сарапшыларды , үкіметтік мекемелерді және жұртшылықты тарта отырып, бірқатар форумдар өткізіледі;

2) 2005 жылғы қазан - оны жүзеге асыруға арналған 2006 жылғы ақпанда ұсынылуы қажет кейбір шығындар бюджетке енгізіліп қоюы үшін СРББҰЖ-ның алдын ала нұсқасы әзірленді;

3) 2005 жылғы желтоқсан - СРББҰЖ-дың бірінші редакциясы әзірленді;

4) 2005 жылғы қараша - СРББҰЖ үшін сияқты кезең дәйектілігімен сегіз СРБББЖ дайындау басталды;

5) 2006 жылғы наурыз - Мексикадағы 4-ші Дүниежүзілік су форумы министрліктер басшыларының конференциясында СРББҰЖ-ның тұсаукесері.

6) 2006 жылғы қазан - СРББҰЖ-ның екінші редакциясын мүдделі министрліктер мен ведомстволарға ұсыну;

7) 2007 жылғы қазан - СРББҰЖ-ның қорытынды редакциясын Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсыну;

8) 2007 жылғы маусым - БСБ-ның практикадағы жылдық есебін ауыстыра алатын сегіз СРБББЖ әзірлеуді аяқтау.

3.1.3. Жоба аяқталғаннан кейін СРББҰЖ-ны іске асырудың негізгі алғы шарттары:

1) СРК және БСБ-нің әлеуеті - әлеуетті арттыру Жобаны қаржыландыру кезінде және СРББҰЖ-ға енгізілген, жүзеге асыру қажет болатын кейінгі шаралар кезінде жүзеге асырылатын болады. СРББҰЖ сондай-ақ СРК және БСБ-нің мәртебесін арттыру қажеттілігінің негіздемесін қамтитын болады. Әлеуеттің арта түсуі негізінен штат санының айтарлықтай өсуінен, техникалық және басқару буынына арналған тренингтерден, жабдық сатып алу мен бюджетті ұлғайтудан көрінеді;

2) басқа ұйымдардың әлеуеті - су ресурстарымен байланысты салаларда (қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау, жер қойнауын зерттеу мен пайдалану және т.б.) жұмыс істейтін ұйымдардың әлеуетін күшейту қажет болады;

3) Қазақстан Үкіметінің СРББҰЖ-ны бекітуі және жүзеге асыруды бастауы - СРК Үкіметтің қолдауынсыз, министрліктердің және басқа да үкіметтік ұйымдардың арасындағы қызметтердің үйлестірілуінсіз СРББҰЖ-ны жүзеге асыра алмайды. СРББҰЖ-ның белгілі бір кезеңдерін қолдау үшін Су кодексіне толықтырулар мен өзгерістер енгізу қажет болады және Үкімет мұндай түзетулерді енгізуге ықпал етуге тиіс болады;

4) қаржыландыру - СРББҰЖ-ны тиісті қаржыландырусыз жүзеге асыру мүмкін болмайды.

3.2. 2-нәтиже - Қазақстанның сегіз өзен бассейнінде Бассейндік кеңестер құрылған.

СРББ-нің басты екі қағидаты - бұл өзен бассейні деңгейінде су ресурстарын басқару

және су ресурстарын басқаруға мүдделі тараптардың белсенді тартылуы. Бассейндік кеңестер (БК) немесе оның баламасы - бассейндік деңгейде су пайдаланушылардың мүдделерін білдірудің мейілінше тиімді тетігі екендігі жалпыға бірдей белгілі. БК-ді құру қажеттілігі Қазақстанда мойындаған және Су кодексімен бекітілген, 43-бап.

Жоба БК құруда БСБ-ға қолдау көрсететін болады. Балқаш-Алакөл және Нұра-Сарысу өзен бассейндері Кеңесті құруға жұмылдырылған мүдделі тараптарды жұмылдыруға үздік тәсілді анықтау үшін пилоттық бассейндер ретінде белгіленді. БСБ, ГЖПК-нің өздері және басқа да мүдделі ұйымдар Қазақстанда СРББ практикасын енгізуге үлес қосады, сондай-ақ өзінің ұйымдастырушылық әлеуетін күшейтеді.

Жобаның дайындалу кезеңінде БК құру жөнінде екі Жұмыс құжаты дайындалды. Оларда Қазақстанда БК қандай үлгіде құрылуы мүмкін екендігі және олар қандай қаржылық шығындарға әкелетіні жұмсалатындығы егжей-тегжейлі сипатталады, сондай-ақ сегіз бассейнде БК құрудың кестесі ұсынылады. БС құрудың негізгі кезеңдері мен кестесі төменде көрсетілген.

### 3.2.1. БК құрудың негізгі кезеңдері:

1) БК ықтимал мүшелерінің алдын ала құрамын (мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдар, су пайдаланушылар, жеке кәсіпорындар және т.б.) белгілеу;

2) ықтимал мүшелердің арасында БК бойынша негізгі ақпаратты тарату;

3) БК-нің рөлі, мәртебесі мен маңыздылығы туралы хабардар ету және консультация жүргізу үшін аудандық деңгейде сапарлар мен кездесулер ұйымдастыру;

4) бассейндік кеңесте жергілікті қажеттілікті және БК құруда және оларды одан әрі нығайтуда көмектесуі мүмкін жергілікті өкілдерді айқындау;

5) БК-нің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге себепші болатын және тұрақты жұмыс істеу тетіктерін әзірлеу;

6) БК-нің ықтимал мүшелеріне консультация беру және оларды іріктеу;

7) ықтимал мүшелермен БК құру бойынша алғашқы кездесуді дайындау және оны өткізу;

8) БК-нің құрылтай құжаттарын оның мүшелерімен кейіннен талқылау;

9) БК-нің бірінші отырысы;

10) Жоба бойында БК мүшелеріне арналған тренингтер мен консультацияларды ұдайы өткізіп тұру.

Қосымша ретінде, жұртшылықты БК деген не және ол су ресурстарын басқару мен су пайдаланушыларға қалай ықпал етуі мүмкіндігі туралы хабардар етуге бағытталған бағдарлама жоспарланған. Бұл бағдарлама ықтимал қатысушыларға жұртшылық пен мемлекеттік емес ұйымдар тарапынан көмек тарту үшін арналған.

БК құру Қазақстан үшін жаңа практика болып табылады. Халықаралық тәжірибенің болуына қарамастан, БК құру үдерісі Қазақстан үшін ерекше болады. Сондықтан, БК құру "тәжірибе жүзінде үйрену" қағидаты бойынша жүргізілуге тиіс.

### 3.2.2. БК құрудың кестесі:

1) 2005 жылғы маусым - Балқаш-Алакөл өзен бассейніне мүдделі тараптардың БК құруды талқылауға арналған бірінші кездесуі өтті;

2) 2005 жылғы қыркүйек - Балқаш-Алакөл БК-нің бірінші ресми отырысы болды;

3) 2006 жылдың аяғы - қалған алты БК-нің бірінші ресми кездесулері белгіленді;

4) 2007 жылғы шілде - Жайық-Каспий БК-нің ресми отырысы.

3.2.3. БК-нің табысты жұмыс істеуі үшін қажетті негізгі алғышарттар:

1) БСБ мен СРК-нің белсенді қатысуы - БСБ-ның БК құру мақсаттары мен қажеттілігіне қатысты ұстанымы жоқ. Басқа елдердің тәжірибесі БК-ні құрудың артықшылықтары мен тиімділігін оған қатысушылар жеткілікті түсінгенде ғана оның дербес ұйым болатындығын көрсетеді;

2) үкіметтік емес ұйымдарды тарту - БК және олардың қоғам үшін маңызы туралы жұртшылыққа ақпарат беруде қиындықтар бар, бұл жұртшылықты тартуды қиындатуы мүмкін. Егер БК тағы бір мемлекеттік мекеме болып қалыптасса, олар ерекше маңызға ие болмайды;

3) қаржыландыру - БК-ні қолдау құны жоғары болмайды. Алайда белгілі бір шығыстар болады, олардың орнын толтыру қажет. Қазіргі кезде БК БСБ бюджеттерінен қаржыландырылатын болады деген пікір бар, бірақ бұл бюджеттердің қазірдің өзінде аздығы сонша, БК-ні қолдауды айтпағанның өзінде, БСБ өзінің негізгі функцияларын тиімді орындай алмай отыр. БК заңмен көзделгендіктен, Үкімет олардың құрылуы мен олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге жауапты болады, яғни ол БК-нің қосымша қаржыландырылуын БСБ арқылы немесе қандай да бір өзге тәсілмен бекітуге міндетті.

3.3. 3-нәтиже Сумен жабдықтау және санитария жөніндегі МДМ-ға қол жеткізу бағдарламасы әзірленген.

МДМ-ға қол жеткізу барлық тараптар: БҰҰДБ, ЖСӘ, Қазақстан Үкіметі және су бастамашылығындағы басқа да әріптестер үшін қалаулы нәтиже болып табылады. МДМ-ға қол жеткізудегі бірінші проблема айтарлықтай қаржы салымдарын көздейтін ірі жобаларды жоспарлаудың әлсіз ұйымдық әлеуетінде болып отыр. Сумен жабдықтау және санитария жөніндегі МДМ - бұл, негізінде, инфрақұрылыммен байланысты жұмыс, өйткені жұртшылықты сумен қамтамасыз ету үшін нақты инженерлік және техникалық жұмыстар қажет; дегенмен мүдделі тараптар мен жұртшылықтың белсенді қатысуы сияқты құрауыштың да маңыздылығы кем емес.

Сумен жабдықтау және санитария бойынша МДМ-ға қол жеткізу бағдарламасы ( бұдан әрі - Бағдарлама) - МДМ-ға қол жеткізу үдерісіндегі алғашқы әрі аса маңызды қадам. Онда МДМ-ға қол жеткізудің барлық аспектілері, қаржыландыру тетіктері және міндеттерді белгіленген мерзімде кезеңмен орындау егжей-тегжейлі қарастырылады. Бағдарламаны дайындау. сондай-ақ СРК, БСБ, ГЖПК, құрылатын БК және басқа да ұйымдардың әлеуетін күшейтуге көмектеседі.

Бағдарлама СРК-тің құжаты болып табылады. Бағдарламамен жұмыс аяқталғаннан

кейін СРК оны мақұлдау және қабылдау үшін Қазақстан Үкіметіне ұсынады, бұдан кейін Бағдарлама Үкіметтің құжаты болады. Қазақстан Үкіметі оның СРК арқылы жүзеге асырылуына жауапты болады. Нақты министрліктер мен жалпыұлттық та, сондай-ақ жергілікті маңызы бар мемлекеттік ұйымдар да Бағдарламаның жүзеге асырылуына белсенді түрде тартылуға тиіс, өйткені олар сумен жабдықтауға және санитарияға ортақ жауап береді. Мұндайлар, атап айтқанда: Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті, облыстық әкімдіктер, Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті (жерасты сулары) болып табылады.

Жобаның дайындық сатысында МДМ-ға қол жеткізудің бағдарламасын әзірлеу бойынша екі жұмыс құжаты дайындалды. Құжаттарда бағдарламаның қаралуға қажетті құрамдас бөліктері, бағдарламаны дайындаудағы кезеңдер сипатталады, сондай-ақ бағдарламаны дайындаудың кестесі келтіріледі. Бағдарламаны дайындау жөніндегі жұмыстардың жалпы жоспары мен кестесі төменде келтірілген.

3.3.1. Тұтастай алғанда міндеттерді шешу тәсілі мыналарды қамтиды:

қалалар мен ауылдардағы (облыстар бойынша) сумен жабдықтауға және санитарияға қатысты қазіргі жағдайды бағалау, сондай-ақ ұйымдастырушылық сипатындағы проблемаларды айқындау;

сумен жабдықтау және санитария жөніндегі МДМ-ға қол жеткізу үшін не қажет екендігін анықтау, оның ішінде ұйымдастыру сипатындағы мәселелерді айқындау, атап айтқанда:

1) бағдарламаның жүзеге асырылуы үшін толық жауапкершілікті қандай ұйым алады;

2) МДМ-ны жүзеге асыруға жұмылдырылған әр түрлі ұйымдардың әлеуетін арттырудың қажеттілігі қандай және оларды шешудің қандай тетіктері бар;

3) іс-қимылдарды жүзеге асыру кезінде қандай басымдықтар мен нақты қадамдар бар (облыстар бойынша);

4) нақты жобалар қандай;

5) шығындардың есебі;

6) қаржылық бағалау;

7) прогресті бағалау үшін орындау көрсеткіштерін және негізгі кезеңдерді әзірлеу.

3.3.2. Бағдарламаны әзірлеу жөніндегі жұмыс жоспарының негізгі кезеңдері:

1) 2005 жылғы қазан - сумен жабдықтауға және санитарияға елеулі қол жеткізуді сандық тұрғыдан айқындау жүзеге асырылды;

2) 2005 жылғы қыркүйек - 2015 жылға жоспарланған көрсеткіштер айқындалды;

3) 2005 жылғы қазан - МДМ-ға қол жеткізуге арналған ықтимал жобаларды бағалау және шығындарды есептеу жүзеге асырылды;

4) 2005 жылғы желтоқсан - МДМ-ға қол жеткізу үшін жобалар іріктірілді;

5) 2006 жылғы ақпан - қаржыландыру мәселелерін қарау үшін жобалардың

пакеттері әзірленді;

6) 2006 жылғы мамыр - сумен жабдықтау және санитария жөніндегі МДМ-ны қаржыландыру жолдары айқындалды;

7) 2006 жылғы мамыр - басқа да басқарушылық және әкімшілік аспектілер айқындалды;

8) 2006 жылғы қазан - бағдарламаның алдын ала нұсқасы;

9) 2006 жылғы желтоқсан - бағдарламаның түпкілікті нұсқасы.

МДМ бойынша жаһандық шолу 2005 жылғы қыркүйекте БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының отырысында өткізіледі. Қазақстан үшін бұл кездесу Сумен жабдықтау және санитария бойынша МДМ-ға қол жеткізу бағдарламасының әзірлеу сатысында екендігін хабарлау мүмкіндігі болады.

3.3.3. МДМ-ға қол жеткізу үшін қажетті негізгі алғышарттар:

1) қаржыландыру - Сумен жабдықтау және санитария бойынша МДМ-ға қол жеткізу көп шығысты қажет етеді. Алайда, әр түрлі халықаралық келісімдер арқылы, үкіметтер МДМ-ға қол жеткізу жөніндегі міндеттемелер сияқты, халық үшін таза суға қол жеткізуді қамтамасыз ету жөнінде міндеттеме алды. Бұрын Қазақстанда сумен жабдықтау және санитария саласында бағдарламалар жеткіліксіз қаржыландырылып келді. МДМ-ға қол жеткізу үшін Қазақстанға жеткілікті қаржыландыруды көздеу қажет .

2) Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің қатысуы - қаржыландыру мәселесімен байланысты, бірақ мұнда әңгіме күрделі қаржы шығындары туралы ғана болып отырған жоқ. МДМ-ға қол жеткізу тұрақты сипатта болуға тиіс; инфрақұрылым туралы айтқанда бұл жүйені шексіз ұзақ уақыт пайдалану үшін ақшалай қаражатты жеткіліктілігін білдіреді. Бұл сумен жабдықтауды және санитарияны қаржыландыруда, тарифтерді есептеу және төлемдерді өндіріп алу әдістемелеріне өзгерістер енгізуді талап етеді. Бұл - бағдарламаны жүзеге асыру үшін шешілуге тиіс басты элемент.

3) атқарушы органдардың әлеуеті - ауылдық жерлерде сумен жабдықтау жөніндегі жобаларды негізінен жергілікті әкімшіліктер, ал қалаларда - Су арналары жүзеге асырады. Олардың мұндай жобаларды жүзеге асыру әлеуеті мен қабілетін Жоба бағалайтын болады. Әлеуеттің қазіргі әлсіз деңгейі МДМ-ның СЖС жөніндегі бағдарламасын жүзеге асыру кезінде айтарлықтай кедергі болуы мүмкін.

4) Қазақстан Үкіметінің жауапкершілік алуы - СРК қаржыландыру және басқа да жергілікті немесе республикалық мемлекеттік ұйымдармен үйлестіру мәселелерінде Үкіметтің айтарлықтай қолдауынсыз бағдарламаны жүзеге асыра алмайды. МДМ-ға қол жеткізу бүкіл ел бойынша бірлескен күш-жігерді талап етеді және Үкімет маңызды қолдау көрсетуге тиіс болады.

3.4. 4-нәтиже - өңірлік және ұлттық деңгейлерде ынтымақтастық пен әріптестікті нығайту. Қазақстанда және Орталық Азия өңірінде су ресурстарын басқару саласындағы негізгі проблема - бұл су ресурстарын басқаруға тартылған әр түрлі

министрліктердің, ұйымдар мен елдердің арасында үйлестіру мен ынтымақтастықтың жетімсіздігі.

Жоба іске асырылатын міндеттердің шеңберінде ведомстволар арасындағы үйлестіруді жақсартуға ықпал ететін болады.

Жоба сондай-ақ Қазақстанның және өңірдің басқа да елдерінің су шаруашылығы мамандарын оқытуды ұйымдастыра отырып, өңірлік деңгейде қолданылады, бұл бір мезгілде білім алу және тәжірибе алмасу болып табылады. Жоба ЖСӘ-нің өңірлік және халықаралық іс-шараларға да, сондай-ақ су басқару тақырыбына арналған басқа да конференцияларға, симпозиумдарға, дөңгелек үстелдерге, семинарларға, тренингілерге және басқа да оқиғаларға қатысады.

Жоба қажетсіз қайталама іс-әрекеттерді болдырмау үшін басқа да донорлық ұйымдар мен ҮЕҰ-ның бағдарламалары мен жобаларын да үйлестіреді. Бұл әртүрлі ұйымдардың өкілдерімен тұрақты кездесулер және олардың арасына жобалық ақпарат тарату арқылы жүзеге асырылатын болады. Жоба ақпараттың таралуына ықпал ету үшін өзінің веб-сайтын ашты (www.voda.kz).

4. Нәтижелердің арасындағы өзара байланыс

Жоғарыда санамаланған төрт мақсат өзара байланысты. Сумен жабдықтау және санитария жөніндегі МДМ-ға қол жеткізу су ресурстарын тиімді басқаруды талап етеді және МДМ-ға сумен жабдықтау және санитария бойынша қол жеткізу бағдарламасы нақты мәселелер бойынша СРББҰЖ-ға сілтеме жасайды. БК құру - бұл су ресурстарын басқаруда мүдделі тараптардың қатысуын күшейтудің құралы, бұл СРББ қағидаттарының бірі болып табылады, демек, БК Қазақстанда СРББ қағидаттарын енгізу ретінде СРББҰЖ әзірлеумен қатар құрылады. Жобаның кез келген бір мақсатына қол жеткізу кезіндегі жұмылдырылған әр түрлі ұйымдардың арасындағы ынтымақтастықты күшейту және әріптестіктер құру бір мезгілде қажетті алғышарт әрі маңызды нәтиже болып табылады.

Жобаның негізгі үш мақсатына қол жеткізу Қазақстанды СРББ практикасын қабылдауда, мүдделі тараптардың су ресурстарын басқаруға қатысуында және сумен жабдықтау және санитария жөніндегі МДМ-ға қол жеткізуде көшбасшы ете отырып, сол арқылы бүкіл өңір үшін жаңалық болып табылады.

СРК, БСБ, ГЖПК, су шаруашылығы мекемелері, су секторындағы мүдделі үкіметтік және үкіметтік емес тараптар, су пайдаланушылар қауымдастықтары (бұдан әрі - СПҚ) және басқа да жергілікті ұйымдар жобаның бенефициарлары болып табылады.

Ақпараттар мен деректерді жинау және алмасу құралдары ретінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану Жобаның қосымша ерекшелігі болып табылады. Бұл су ресурстарын басқару жөніндегі ұлттық ақпараттық желі құру арқылы мүмкін болады, бұл ақыр аяғында, барлық БСБ-ларды және Су ресурстары жөніндегі комитетті өзара байланыстырады. Бұл ақпараттық желі су

шаруашылығы ұйымдарының арасындағы ақпараттың ұйымдастырылған ағынына, сондай-ақ су саясатын әзірлеуде бірлескен тәсілге ықпал ететін болады. Су шаруашылығы жөніндегі ұлттық-ақпараттық-талдау орталығын (СШ ҰАО) құру қажеттігі СРББҰЖ-да көзделетін болады. СРББҰЖ ережелерін іске асыру үшін СШ ҰАО-ны құру және дамыту кезінде СШ ҰАО мен қазіргі кезде құрылып жатқан Қоршаған ортаны қорғау министрлігі қоршаған орта мен табиғи ресурстарды қорғаудың бірыңғай мемлекеттік мониторингі жүйесінің (Қоршағанортамині БММЖ) және басқа да ведомстволық ақпараттық жүйелер мен дерекқорлардың арасында талап етілетін ақпарат алмасу регламентін айқындау жолымен Қоршағанортамині БММЖ-мен оның байланысы көзделетін болады.

Жоба БҰҰДБ-ның елдер үшін 2005-2009 жылдарға арналған Бағдарламалық құжатының қарастыратын мәні болып табылатын негізгі салаларды, атап айтқанда: 1) ұлттық дамуды жоспарлауда орнықты дамуға жан-жақты тәсілді біріктіруді, 2) МДМ-ның жоспарлы көрсеткіштеріне қол жеткізуде және прогресті мониторингтеуде ұлттық мүмкіндіктерді күшейтуді, 3) табиғи ресурстарды орнықты басқаруға жәрдемдесуді қамтиды.

## 3-бап. Басқару схемасы

1. Жобаны басқару схемасы - ұлттық деңгейдегі атқару (бұдан әрі - NEX). СРК жобаның жоспарланған барлық төрт нәтижесіне қол жеткізуге жауапты негізгі атқарушы болып табылады. Жобаның дайындалу сатысында СРК төрағасының орынбасары Жобаның ұлттық директоры болып тағайындалды.

Жобаның дайындалу сатысы шеңберінде Жобаның басшысынан, шетелдік техникалық консультанттан және қаржы/әкімшілік ассистентінен тұратын Жобаны іске асыру тобы (ЖІТ) құрылды. Жобаны толық ауқымда іске асыру кезінде ЖІТ-ке сарапшылардың үш жұмыс тобының жетекшілері де кіреді. ЖІТ-тің кеңсесі Алматыда орналасқан. Жобаның басшысы жобаның Қазақстандағы және Орталық Азиядағы СРББ-лар бойынша бар басқа да жобалармен жұмыс деңгейінде үйлестіруге жауапты болады және Жобаның ұлттық директорына және Қазақстандағы БҰҰДБ бағдарламалары мен жобалары жөніндегі аға ассистентке есеп береді.

Тиісті министрліктердің СРББҰЖ-ді әзірлеуге және оны жүзеге асыруға қатысуын қамтамасыз ету мақсатында Ведомствоаралық жұмыс тобы (ВЖТ) ұйымдастырылатын болады. ВЖТ Жобаның негізгі үш нәтижесіне қол жеткізуге қажетті ведомоствоаралық үйлестіруге жауап береді. Бұл (1) СРББҰЖ және МДМ-ға сумен жабдықтау мен бағдарлама бойынша қол жеткізу бағдарламасын әзірлеуді, олардың тиісті қаржыландырылуын, Үкіметтің мақұлдауы мен жүзеге асыру мониторингін; (2) БК құруды білдіреді.

Сарапшылардың жұмыс топтары (ЖТ) жобаның үш мақсаты бойынша құрылатын

болады. Әрбір ЖТ-ны атқарушылық деңгейде бір сарапшы басқарады. Бұл адамдар мердігерлердің жұмысын бақылауды қоса алғанда, күтілетін мақсаттарға тиімді қол жеткізуге қажетті барлық міндеттерге басшылық жасауға жауапты болады. Олар Жобаның басшысына есеп береді. ЖТ-ны кеңесшілік деңгейде ЖТ отырыстарының реттеушісі де болып табылатын СРК өкілі (Төраға орынбасарының деңгейі) басқарады. Бұл негізгі үш нәтижені алуда СРК-нің айтарлықтай қатысуын қамтамасыз етеді.

Жоба бойынша жұмыстар тендерлер негізіндегі келісім-шарттар бойынша жүргізілетін болады. Жоба барлық маңызды үкіметтік мекемелермен, жергілікті қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдармен, сондай-ақ өңірдегі басқа да жобалармен тығыз үйлестік пен ынтымақтастықта жүзеге асырылатын болады.

БҰҰДБ-ның Қазақстандағы кеңсесі Жобаны іске асыруға белсене қатысады. БҰҰДБ Жобаның жүзеге асырылуын және жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуді бақылайды және Жоба қаражатының тиісінше жұмсалуын қамтамасыз етеді. Оның үстіне, БҰҰДБ техникалық қолдауды қамтамасыз етеді, ол мыналарды қамтиды, бірақ бұлармен шектелмейді: Жобаның персоналымен, сарапшыларымен және қосалқы мердігерлерімен келісім-шарттар жасасу, жабдықтар сатып алу және тағы басқа. Ұлттық атқару жобаларын (NEX) орындау үшін қаржы рәсімдері, есеп беру және тексерулер ұлттық талаптарға және БҰҰДБ-ның белгіленген ережелері мен рәсімдеріне сәйкес орындалады.

Осы жобалық құжатқа негізгі халықаралық және ұлттық кеңесші/сарапшылардың Техникалық міндеттері қоса тіркеледі.

2. Әрбір әріптестің жауапкершілігі мен рөлі:

1) СРК СРББҰЖ мен сумен жабдықтау және санитария жөніндегі МДМ-ға қол жеткізу стратегиясы үшін түпкілікті жауапкершілікте болады. Қазақстан Үкіметі СРББҰЖ мен сумен жабдықтау және санитария жөніндегі МДМ-ға қол жеткізу бағдарламасының бекітіліп, іске асырылуы үшін түпкілікті жауапкершілікте болады, бұл тиісті қаржыландыруды және жұмылдырылған әр түрлі мемлекеттік ұйымдар бойынша ұйымдастыру шараларын қабылдауды қамтиды. СРК қажетті басқару құралдарының болуын қамтамасыз ету үшін заңдарға тиісті түзетулерді әзірлеуде Үкіметпен және министрліктермен бірге жұмыс істейтін болады.

2) Норвегия Үкіметі оның кедейшілікті азайту жөніндегі бастамаларға және СРББ жөніндегі бағдарламаларға көмек көрсетудегі тарихын, сондай-ақ МДМ-ға қол жеткізудің маңызды шарты ретіндегі су ресурстарын басқару саласындағы 2005 жылғы мақсаттарға қол жеткізу прогресін жеделдету бойынша алынған міндеттемелерді назарға ала отырып - жобаға одан әрі қаржыландыру ұсынуға міндеттенеді.

3) ЖСӘ қаржыгерлермен консультациялар жасасу және өңірлік деңгейде байланыс ұстау үдерісін жеңілдетеді, сондай-ақ көпжақты мүдделі топтардың бірігуіне көмектеседі, СРББ қағидаттарына техникалық үлес қосуды қамтамасыз етеді, мүмкіндіктерді күшейту жөніндегі жұмыс сессияларын және СРББ-ны жоспарлау

бойынша кәсіптік деңгейдегі симпозиумдар мен саяси деңгейдегі симпозиум ұйымдастырады. Олардың жұмысына ЖСӘ консультанттар жіберетін және Қазақстан үшін Су ресурстарын бірлесіп басқару жөніндегі ұлттық жоспарды әзірлеуге әкелетін әр түрлі кезеңдерде үйлестіруді жүзеге асыратын болады. ЖСӘ кейбір іс-шараларды бірлесіп жоспарлау мақсатында жобаға жыл сайын халықаралық және өңірлік деңгейдегі іс-шаралардың жоспарын ұсынуы жоспарланып отыр.

4. БҰҰДБ МДМ-ға қол жеткізуді және Ұлттық жоспарлар мен бағдарламаларда СРББ қағидаттарын қолдануды күшейтуді үйлестіруде Қазақстан Үкіметіне қолдау көрсетіп отырады. БҰҰДБ жобаның жүзеге асырылуына және мүдделі тараптардың арасында серіктестіктер құруға мүмкіндік туғызады. БҰҰДБ-ның да әлеуетті арттыру бойынша бағдарламаларды басқаруда және жүзеге асыруда жеткілікті тәжірибесі мен мүмкіндігі бар. Әлеуетті арттырудағы көмек әртүрлі тренингтер өткізу, сондай-ақ БҰҰДБ бағдарламасы болып табылатын әлеуетті арттыру желісі (CAPNET) арқылы көрсетіледі. СРК және БСБ өкілдеріне арналып жобаны жүзеге асырудың барлық сатысында қажетті ақпараттары бар тренингтер, бағдарламалар мен семинарлар өткізіледі.

Тараптар жобаның құрылымын өзгертуді, сарапшылар топтарын бекітуді немесе қайта ұйымдастыруды, жобаға жұмысқа қабылдауды немесе жоба қызметкерін жұмыстан шығаруды біржақты түрде жасай алмайды. Сарапшылар тобы тек белгіленген техникалық тапсырмаға және жұмыс жоспарына сәйкес қана жұмыс істейтін болады.

## 4-бап. Мониторинг және бағалау

1. Жоба мониторингін жобаның тиімді әрі уақтылы орындалуын қамтамасыз етуге арналған мониторинг және бағалау бойынша БҰҰДБ әдістемелеріне сәйкес СРК өкілдерімен бірлесе отырып БҰҰДБ кеңсесі жүзеге асырады. Сондай-ақ басқа серіктестер де қатыстырылады.

2. Жоба жетекшісі жоба серіктестерімен келісілген және Жобаны басқару жөніндегі комитет (ЖБК) мақұлдаған егжей-тегжейлі жұмыс жоспарын дайындайды. Бұл жоспар жоспарлаудың, үйлестіру мен мониторингтің негізі болады.

FCC мен Жобаның жетекшісі БҰҰДБ-ның есептілікке қоятын талаптарына сәйкес уақтылы деректер жинау, ақпарат ағыны және есептерді ұсыну үшін жауапкершілікте болады. FCC келісілген жұмыс жоспарына сәйкес жобаның орындалуы жөніндегі күнделікті жұмыс үшін жауап береді.

3. ЖБК Жоба мониторингі үшін құрылады. ЖБК СРК, ҒСС және БҰҰДБ өкілдерін қамтиды. ЖБК отырыстары жоспарланған нәтижелер бойынша Жобаның қол жеткізген прогресін бағалауды жүргізу және жобаның орындалуы бойынша стратегиялық ұсынымдар беру мақсатында кемінде жылына екі рет өткізіледі. Жобаның ұлттық

директоры ЖБК отырыстарында төрағалық етеді. БҰҰДБ бағдарламалары мен жобалары бойынша аға ассистент және БҰҰДБ-ның тартылған басқа да қызметкерлері ЖБК-да БҰҰДБ-ны білдіреді. Жобаның жетекшісі ЖБК шешімдерінің орындалуына жауап береді, сондай-ақ Жобаның барлық аспектілерінің орындалу прогресі бойынша ЖБК-ға есеп береді.

4. Жобаның жоспарланған міндеттерінің орындалуындағы оның прогресін бақылау үшін осы бөлімнің соңында келтірілген индикаторлар мен тәуекелдер кестесінде көрсетілген индикаторлардың жиынтығы қолданылатын болады. Мониторинг, деректер жинау мен жобаның орындалуын бағалауды қоса алғанда, үздіксіз болады және жобаның орындалу процесін реттеу қызметін қарау, орындау және бағалау үшін Жобаның негізгі штатының мерзімді кездесулерін қамтиды. Жобаның штаты, уақытша тартылған сарапшылар мен басқа да қосалқы мердігерлер индикаторлар туралы деректер жинауға көмектеседі.

5. Жобаның орындалуының барлық аспектілерін бейнелейтін, қол жеткен нәтижелер туралы тоқсан сайынғы есептерді жобаның жетекшісі дайындайды әрі оны қарау және ұсыным жасау үшін ЖБК-ға ұсынады.

6. Жоба бойынша жыл сайынғы баяндамаларды (ЖБ) жобаның жетекшісі дайындайды және жауапты серіктесі арқылы ЖБК-ға ұсынады. БҰҰДБ форматында дайындалған ЖБ-да жобаның орындалуына, жоба міндеттеріне қол жеткізу мәртебесіне және күтілетін нәтижелерді іске асыруға олардың қосқан үлестеріне баға беріледі.

Бұдан басқа, БҰҰДБ штатының жоба жүзеге асырылатын жерге жыл сайынғы шығуы жолға қойылады. Жоба бойынша түпкілікті есеп белгіленген нәтижелерге қол жеткізу прогресін бағалау үшін дайындалатын болады.

7. Жоба үкімет өкілі немесе СРК-мен келісе отырып, БҰҰДБ жалдаған тәуелсіз аудитор өткізетін жыл сайынғы аудитке түседі.

8. Ұлттық және халықаралық сарапшылар топтары индикаторлар негізінде жобаның нәтижелеріне қол жеткізуді бағалауды жүргізеді. Жобаның жетекшісі мен FCC шарттық және есептік міндеттемелерді қоса алғанда, осы бағалауды ұйымдастыруға жауап береді.

Бақылау төрт нәтиже бойынша Жоба жұмысының күнтізбелік жоспарында көрсетілген белгілі бір кезеңдерде орындалатын болады:

1) СРББ ҰЖ-ны дайындау (2005 жылғы қазан);

2) Сегіз өзен бассейні үшін СРБББЖ-ны дайындау (2007 жылғы наурыз);

3) Балқаш-Алакөл өзен бассейнінде БК құру (2005 жылғы шілде);

4) басқа жеті БК құру (кейіннен 2007 жылға дейін қолдаумен 2006 жылдың соңы);

5) Сумен жабдықтау және санитария бойынша МДМ-ға қол жеткізу стратегиясын дайындау (2006 жылғы желтоқсан).

9. Жобаның жетекшісі орындаушы агенттікке Жобаны іске асыру барысында нақты пайдаланылған сома туралы мәліметтерді ұсынатын болады.

## 5-бап. Құқықтық сипаты

